

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Asian journal "STEPPE PANORAMA"



2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025

© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 516-530, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530

THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE

*Orazgul Kh. Mukhatova*¹

¹Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
(28, Shevchenko str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Mukhatova O.Kh., 2025

Abstract. *Introduction.* Historical research has focused on issues such as education, orphanages, protection of mothers and children, famine, and not on homelessness in Kazakhstan caused by the victory of the October Revolution, civil resistance, and the consequences of the famine of 1921–1923. Political and economic reforms in the country, as well as the famine of 1931–1933, dramatically increased their numbers. Many of the defenseless became victims of the famine. Although the history of child homelessness in the 1920s and 1930s is considered a relevant topic, research on it is rare. Only in the years of independence has the study of the history of social tragedy in society begun. As the problem was studied, it became obvious that there are many aspects of it that require study. *Goals.* Study of the situation of street children in Kazakhstan in the 1930s based on archival documents and memoirs of eyewitnesses of the famine and their descendants of 1931–1933; analysis of the difficult situation of child refugees during the famine in foreign lands; presentation of the critical situation of children, infants and adolescents during the famine; determination of measures taken by government organizations to protect street children; demonstration of the care provided by the regional children's commission to street children. *Results.* The article examines the situation of street children in Kazakhstan in the 1930s based on archival and historiographic sources. Among the approximately 2 million people who fell victim to the Goloshchekin tragedy were children. Children became victims of hunger and infectious diseases. The state and society sought to take the defenseless under their care. Hundreds of street children were placed in orphanages, boarding schools, and reception centers, and measures were taken to improve their financial situation. The regional children's commission made its contribution to ensuring the safety of defenseless and neglected children and the rehabilitation of their situation. *Conclusions.* The authorities not only took the defenseless children under their care, but also instilled in them the Soviet ideology and upbringing. The street children were formed as patriots, hardworking and honest citizens of the country of the Soviets. From among them came qualified specialists who worked in various spheres of society, heroes of the Great Patriotic War, heroes of labor.

Keywords: Kazakhstan, Soviet Union, street children, orphanage, hunger, refugee, crime, children's commission, section, situation

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “The problem of child homelessness in Kazakhstan and neighboring countries in the 1920–1930s”. Registration number: AP23488331).

For citation: Mukhatova O.Kh. The situation of street children during the years of famine // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 516–530. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530

АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Мұхатова О.Х., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Тарихи зерттеулерде қазан революциясының жеңісі, азаматтық қарсылық, 1921–1923 жылдардағы ашаршылық зардаптары тудырған Қазақстандағы панасыздықтан гөрі оқу-ағарту, жетім балалар мекемелері, ана мен баланы қорғау, ашаршылық тәрізді мәселелерге баса назар аударылды. Елдегі саяси, экономикалық реформалар, 1931–1933 жылдардағы алапат аштық олардың санын күрт арттырды. Қорғансыздардың көпшілігі аштықтың құрбандарына айналды. 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы тарихы өзекті тақырыптардың бірі саналғанымен ол турасында зерттеулер сирек жүргізілді. Тек тәуелсіздік жылдары қоғамда орын алған әлеуметтік келеңсіздік тарихы зерттеле бастады. Мәселені зерделеген сайын оның зерттелуге тиіс қырларының жеткілікті екендігі байқалды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Қазақстандағы 1930-жылдардағы қорғансыз балалардың жағдайын архив құжаттары және 1931–1933 жылдардағы аштық күгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктері бойынша зерделеу; аштық кезінде жат өлкелерге босып кеткен балдырғандардың қым-қиғаш тағдырын талдау; ашаршылық кезіндегі өскелең ұрпақтың жантүршігерлік ахуалын айқындау; мемлекеттік ұйымдардың қорғансыздарды аман сақтап қалудағы іс-шараларын анықтау; өлкелік балалар комиссиясының қорғансыз жеткіншектерге жасаған қамқорлығын көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері және тарихнамалық деректер бойынша Қазақстандағы 1930-жылдардағы қорғансыз балалардың жағдайы зерттелді. Голощекиндік нәубеттен қырылған 2 миллиондай адамның ішінде балалар болды. Балалар аштық пен жұқпалы аурулардың құрбанына айналды. Қорғансыздарды мемлекет пен қоғам өз қамқорлығына алуға ұмтылды. Жүздеген қорғансыз балалар жетімдер үйлеріне, коммуналарға, қабылдау пункттеріне орналастырылды, олардың материалдық жағдайын жақсарту бағытында іс шаралар жүзеге асырылды. Қорғансыз және қараусыз балаларды аман сақтауға, олардың жағдайын оңалтуға өлкелік балалар комиссиясы өзіндік үлес қосты. *Қорытынды.* Билік қорғансыз жеткіншектерді өзінің қамқорлығына алумен бірге олардың бойына советтік идеология мен тәрбиені сіңірді. Қорғансыз балалар советтер елінің отансүйгіш, еңбекқор, адал азаматтары болып қалыптасты. Олардың арасынан қоғамның түрлі салаларында қызмет еткен білікті мамандар, Ұлы Отан соғысының батырлары, еңбек ерлері шықты.

Түйін сөздер: Қазақстан, Совет Одағы, қорғансыз балалар, жетімдер үйі, аштық, босқыншылық, қылмыс, балалар комиссиясы, секция, жағдай

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1920–1930 жылдардағы Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесі» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 23488331).

Дәйексөз үшін: Мұхатова О.Х. Аштық жылдардағы қорғансыз балалар жағдайы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 516–530 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530

ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА

Оразгуль Хасеновна Мухатова¹

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Мухатова О.Х., 2025

Аннотация. *Введение.* Исторические исследования были сосредоточены на таких вопросах, как образование, детские дома, защита матери и ребенка, голод, а не на беспризорность в Казахстане, вызванной победой Октябрьской революции, гражданским сопротивлением и последствиями голода 1921–1923 годов. Политические и экономические реформы в стране, а также голод 1931–1933 годов резко увеличили их численность. Многие из незащищенных стали жертвами голода. Несмотря на то, что история детской беспризорности в 1920–1930-х годах считается актуальной темой, исследования по ней проводились редко. Только в годы независимости началась изучение истории социальной трагедии в обществе. По мере изучения проблемы стало очевидно, что существует достаточно много ее аспектов, требующих изучения. *Цель и задачи исследования* – изучение положения беспризорных детей в Казахстане в 1930-е годы на основе архивных документов и воспоминаний очевидцев голода и их потомков 1931–1933 годов; анализ тяжелой ситуации детей-беженцев во время голода в чужие края; изложение критического положения детей, младенцев и подростков во время голода; определение мер, принимаемых государственными организациями для защиты беспризорных детей; показание заботы, оказываемой краевой детской комиссией беспризорным детям. *Результаты.* В статье на основе архивных и историографических источников изучено положение беспризорных детей в Казахстане в 1930-е годы. Среди примерно 2 миллионов человек, жертв голощекинской трагедии были дети. Дети становились жертвами голода и инфекционных заболеваний. Государство и общество стремились взять незащищенных под свою опеку. Сотни беспризорных детей были размещены в детские дома, дома-интернаты, приемники-распределители, приняты меры по улучшению их материального положения. Свой вклад в обеспечение безопасности незащищенных и безнадзорных детей и реабилитацию их положения внесла краевая детская комиссия. *Выводы.* Власть не только взяла незащищенных детей под свою опеку, а также прививали им советскую идеологию и воспитание. Беспризорники формировались как патриотами, трудолюбивыми и честными гражданами страны советов. Из их среды них вышли квалифицированные специалисты, работавшие в различных сферах общества, герои Великой Отечественной войны, герои труда.

Ключевые слова: Казахстан, Советский Союз, беспризорные дети, детский дом, голод, беженец, преступность, детская комиссия, секция, ситуация

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Проблема детской беспризорности на территории Казахстана и сопредельных стран в 1920–1930 годы» (регистрационный номер: AP 23488331).

Для цитирования: Мухатова О.Х. Положение беспризорных детей в годы голода // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 516–530. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530

Кіріспе

Осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын ССРО Халық комиссариаты және ВКП(б) Орталық Комитеті «Балалар панасыздығын және бақылаусыздығын жою туралы» қаулы қабылдады. Тарихшы-зерттеушілердің пікірінше, бұл құжат 1920–1930-жылдары советтік қоғамның дертіне айналған панасыздықпен күресті аяқтады. Мамандардың айтуынша, ССРО-да жетім балаларды әлеуметтендіру бойынша жүргізілген шаралар өте тиімді болып шықты. Атқарылған жұмыстар жүздеген мың балалардың білім алып, қоғамның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік берді. Кәмелетке толмағандарды қабылдау пункттері, жетім балалар үйлері, мектеп-интернаттар құрылды. Алайда Совет Одағында балалар панасыздығы біржола жойылып кеткен жоқ. Ол Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі, тіпті одан кейінгі уақыттарда да көрініс берді. Ана мен баланы қорғау басты орынға шығарылғанымен, қорғансыздарға қамқорлық жасалғанымен әлі де болса шешілуге тиіс мәселелер шаш етекпен еді. Солардың бірі – балалардың әлеуметтік жағдайы. Бұл тақырып күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысаны болған емес. «Бәрі адам, бәрі қоғам үшін» деген жасанды ұранды желеу еткен коммунистік партия «халық пен партия бірге» деген ұстанымын өзінің қызметіндегі кемшіліктерді, осал тұстарын көрсетпеу мақсатында ұтымды пайдаланды. Сондықтан да балалардың, әсіресе жетім балалар үйлеріндегі балдырғандардың жағдайы туралы жұмған ауыз ашылмады. Орын алған ахуалдың ақиқатын айқындайтын дәйек архив құжаттары. Олардың өздері ғылыми айналымға түсіріле бермеді. Қоғамның көлеңкелі тұстарынан гөрі күнгей жақтарын көрсетуді әдетке айналдырған мемлекетте оны айту мүмкін емес-ті. Тәуелсіздік тарихтың бүркемеленген қырларын ашуға мүмкіндік тудырды. Осы орайда мәселені тарихи таным және ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеу өзекті болып табылады. Ұрпақ тәрбиесіне көлеңке түсіріп, қоғамда жат, қылмысты әрекеттерге жол ашатын балалар панасыздығы тарихын зерделеу осы мәселе төңірегінде айтылмай келген бірқатар мәселелердің бетін ашуға мүмкіндік береді. Қорғансыз балалар тарихын зерттеу архив қорларында сақтаулы деректердің фактілеріне сын көзбен қарауды, ой зердесінен өткізуді, шынайы баға беруді талап етіп қана қоймайды, сонымен қатар шынайы тарих жазуға итермелейді.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Қазақстандағы қорғансыз балалар тарихы бойынша барлық деректердің, соның ішінде архив құжаттары мен материалдарының анықталып, ғылыми айналымға түспегені белгілі. Архив қорларында бұл мәселе бойынша тарихи деректер сақтаулы. Олардың кейбіреулері ғылыми айналымға түскенімен басым көпшілігі әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Қазақстандағы қорғансыз балалар тарихы бойынша деректердің, соның ішінде архив құжаттары мен материалдары ҚР ОМА, Алматы қаласы және облыстық мемлекеттік архив қорларында сақтаулы. Осылардың ішінде Алматы қаласы мемлекеттік архивінің 174 және Алматы облысы мемлекеттік архивінің 685-қор құжаттары мәліметтерінің құндылығымен ерекшеленеді. Олардың кейбіреулері ғылыми айналымға түскенімен басым көпшілігі әлі де болса зерттеуді және деректанулық талдаудан өткізуді талап етеді. Тақырыпты тереңірек зерттеуде 1931–1933 жылдардағы аштық куәгерлері ұрпақтарының естеліктері тарихи дереккөзі ретінде талданды.

Тақырыпты зерделеуде ғалым Х. Әбжанов ұсынған «Тарих – адам іс-әрекетінің жемісі» (Әбжанов, 2014) және тарихшы-ғалым З. Алдамжардың (Алдамжар, 2002) шынайылық қағидалары, З.Ғ. Сақтағанованың (Сақтағанова, 2012) шынайы тарихилық ұстанымы басшылыққа алынды. Себебі өткенді ой зердесінен өткізуде қателіктерге бой алдырмас үшін тарихқа қазіргі заманның биігінен емес сол кезеңнің көзқарасымен қарау қажет. Зерттеу күнделікті өмірді зерттеу бағытына сүйенеді, өйткені ол балалардың өмірлік құндылықтарын зерделеуді алдыңғы кезекке қояды, ғылыми арнаның ағысын объективті жолға бұруға жол ашады (Бродель, 1986). 1920–1930 жылдардағы қорғансыз балалардың жағдайын зерделеуде объективтілік және әлеуметтік қағидаттар қолданылды. Объективтілік қағидаты қорғансыз балалар ахуалының күрт нашарлау себептерін және оны жақсартудағы партия мен қоғамдық ұйымдар қызметінің нәтижесіздігін ашуға көмектесті. Әлеуметтік қағидат жетім балалар үйіндегі қорғансыздар, олардың күнделікті тұрмысы туралы тарихи фактілерді талдауда аса маңызды. Зерттеуді терең әрі шынайы зерделеуге талдау, жүйелеу, ретроспективтілік, баяндау, сипаттау, қорыту тәрізді әдістер септесті.

Талқылау

Қазақстанда 1920–1930 жылдардағы балалар панасыздығы тарихы ғылымда білім беру жүйесі, жетім балалар үйлері, ашаршылық тарихының көлеңкесінде қалып келді. Мәселен, Е.Д. Кускова Ресейде балаларға көмек қоғамдық ұйымының жетекшісі (балаларды құтқару лигасы – Лига спасения детей) ретінде еңбектер жазып, панасыз, жетім балалардың өмірін жан-жақты сипаттап, оларды әлеуметтік қорғау мәселесін көтерді (Иренов, 2011). В.М. Зензинов, А.В. Макленцов, С.С. Маслов, Б. Соколов, И.Р. Зезина және т.б. Ресейдегі азамат соғысы жылдарында және одан кейінгі уақыттағы балалардың ауыр жағдайын сипаттады (Потепалов, 2015). Н.В. Мананникова 1920 жылдардың соңындағы Қазақстандағы балалар үйіне қатысты статистикалық мәліметтердің негізінде балалар үйінің арқасында жан сақтаған қорғансыздар тағдырына қатысты сынаржақ, жағымды тұжырымдар жасады (Мананникова, 1930). А.Б. Бисенова зерттеуінде ана мен баланы қорғау мәселелерін қарастыруға басымдық берген (Бисенова, 1960). Ф.Н. Базанова балалар үйінің құрылуына алып келген әлеуметтік-саяси үдерістердің шынайы мәнін ашпай, жетім, панасыз балалар қатарының көбейгендігін, мемлекеттің оларды қамқорлығына алуда прогрессивтік рөл атқарғандығына баса назар аударды (Базанова, 1987). Д. Кызаева мен Ж. Жалиева қырғыз еліндегі панасыз балалар тарихын баяндады (Кызаева, 1990). Тәуелсіздік жылдары қорғансыз балалар тарихын арнайы зерттеуге ұмтылыс орын алды. Г.Б. Сүгірәлімова панасыз балалар мәселесін шешумен айналысқан мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметін тұңғыш рет әрі кешенді түрде талдауға талпынды (Сүгірәлімова, 2006). З.Ғ. Сақтағанова және Г.Б. Қарсақова Ақмола губерниясындағы аштық жылдарындағы балалардың жағдайын көрсетті (Сақтағанова, 2017). М.П. Малышева мен В.С. Познанский 1931–1933 жылдардағы ашаршылықта Батыс Сібірге босып кеткен қазақтардың балалары туралы зерттеу жариялады (Малышева, 1999). Г.К. Кемелжанованың Қазақстанда 1920–1940 жылдарда жетім балалар үйлерінің қалыптасуы және дамуын қарастырды (Кемелжанова, 2020).

Шетелдік зерттеушілер: Р. Конквест 1930 – жылдардағы советтік солақай саясаттың әлеуметтік зардаптарын жаңа қырынан талдап, қорғансыздардың пайда болуы мен көбеюін өткір сынға алған (Конквест, 1988) С. Кэмерон нәтижесінде өмірге келген балалар үйінің тарихына жан-жақты баға беруге ұмтылған (Кэмерон, 2018). М.В. Кашыкчи ашаршылықтың балалар тағдырына әсерін кугерлердің естеліктері негізінде көрсетуге тырысты (Кашыкчи, 2020). К. Саипова (Саипова, 2021), Б.С. Сәрсенбаевтың зерттеулерінде қорғансыз балалар жағдайы туралы айтылды (Сәрсенбаев, 2023).

Қысқаша тарихнамалық шолу Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы қорғансыз балалар тарихы, соның ішінде оларды әлеуметтік жағдайының үстірт қарастырылғандың дәйектейді. Мұның өзі тақырып арнайы зерделенуі тиіс дегенді білдіреді.

Зерттеу нәтижелері

1928–1929 жылдары қазақ қорғансыз балалардың саны есебінен күрт өсе бастады. Большевиктердің байлар мен ауқатты шаруалардың мал-мүлкін тәркілеуден басталған солақай саясаты балаларды ата-анасынан айырып қана қоймай, далада қалып, ит-құстың жемтігіне айналдырды. Мұндай қасіретті ресми органдар «ауылдарда ана мен баланы қорғау бойынша жұмыстың жүргізілмегендігімен» түсіндірді. Шындығында 700-ге жуық тәркіленген қожалықтарда ресми мәлімет бойынша 552 бала тіркелген (Сүгірәлімова, 2006:14). Бұл шын мәнінде ақиқатқа сәйкес келмейді. Дәстүрлі шаруашылықтың іргесін сөккен реформаның салдарынан мыңдаған балалардың қорғансыздарға айналғаны хақ. Тәркілеген 700 қожалықта орта есеппен сегіз баладан, соның ішінде кәмелетке томағандарының саны алтау десек, қорғансыздарға айналғандар саны төрт мыңнан асады. Өйткені осы кезде қалаларда, темір жол станцияларында қорғансыз қазақ балалары көбейіп, елдің әлеуметтік жағдайында алаңдаушылық ахуал тудырған.

Тәркілеу көбейткен қорғансыз балалардың қатары 1929–1932 жылдардағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мен соның ауқымындағы отырықшыландыру жылдары одан ары арта түсті. О.Ж. Исаевтың 1932 жылы тамызда Сталинге жазған хатында «көптеген қазақ облыстарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы ғана қалды. Өлкедегі шаруа қожалықтарының жалпы саны қазір 1931 жылмен салыстырғанда 23–25 пайызға кем. Өнеркәсіп орындары мен вокзал маңында аш қазақтар панасыз балаларымен бірге жиналып жатыр», - деп көрсетілген (Қазақ халқының қасіреті, 2010: 204).

Қолда бар малын тартып алған, қалғанын колхозға біріктірген халықтың жағдайы 1931 жылдан бастап нашарлай бастады. Оған 1932 жылғы құрғақшылық қосылғаннан кейін онсыз да талғажау етуге ештеңе таппаған тұрғындар жан сақтау қамымен шекаралас елдерге босып кетті. Халық Комиссарлар Советі төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың 1933 жылы 9 наурызында Сталинге жазған хатында Орта Еділге 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, Батыс Сібірге 50 мың, Қарақалпақстанға 20 мың, Орта Азияға 30 мың адамның босып кеткендігі туралы айтылды (РМСӨТА. 558-қ. 1-т. 65-іс. 42-п.). Жат елдерге босқан халықтың жанында балалары болды. Аш босқындарды көршілес елдер құшақ жайып қарсы алмаса да қазақтарға аз да болса көмек қолын созғандар болды. Мәселен, 1932 жылдың ақпан-наурыз айларында Батыс Сібір өлкесіне ағылған қорғансыз балалар туралы білім беру бөлімінің меңгерушісі А.М. Токарева Батыс Сібір өлкелік партия комитетіне жазған ақпараттық хатында «Балалар топырлап көшеде қалды, ата-аналары Қазақстанға іргелес Славгород, Волчиха сияқты аудандарға, тікелей халық ағарту бөлімдеріне әкелді. Алғашқы екі-үш айда балаларды бұрыннан бар қабылдау орындары мен балалар үйлеріне жіберіп, кейін қазақ босқындары үшін арнайы балалар үйлері ашылды», - деп жазды (Малышева, 1999: 242). Батыс Сібір өлкесінде солтүстік аудандарды қоспағанда 1932 жылдың басында қорғансыз және қараусыз қалған балалардың саны 8 мыңға жетті, бір жыл ішінде олардың қатары 10 мыңға көбейді. 1932 жылдың сәуір айында өлкелік балалар комиссиясы қазақ қорғансыз балалары үшін 30 мың рубль қаржы бөлді. Өлкелік балалар комиссиясының өкілі Т.К. Калашникованың мәлімдеуінше, 458 қазақ балалары пойыздардан алынып, төрт қабылдау пункттеріне орналастырылды. Солардың арасында 55 сәби болды Балалар үйі солардың бір бөлігін ғана қабылдады. Тіркелген 3 800 қазақ қорғансыз балаларын жетім балалар үйлерін ашуға және оларды қамтамасыз етуге қаржының жетіспеушілігінен қамти алмады (Малышева, 1999: 467–468). Балалар үйлеріне орналастырылғандар аянышты күй кешті. Мәселен, Батыс Сібірдің Сталинск қаласындағы 75 қазақ балаларын тұруға дайын емес ғимаратқа орналастырған. Жатын бөлме мен асхананың жағдайы адам шошырлық күйде болған (Малышева, 1999: 470).

Қырғыз еліне баруға мәжбүр болған қазақ балаларының жағдайы Батыс Сібірдегі ахуалдан еш айырмашылығы жоқ еді. 1932 жылдың бас кезінде Фрунзе қаласы мен оның маңында 10 мың қазақ жиналды. Күн сайын 15–20 адам, әсіресе балалар қайтыс болды (Сарсенбаев, 2013: 64). Орта Азия бойынша БК(б)П Орталық комитетінің өкілі Д.И. Манжар «1932 жылы Қырғыз аумағына Қазақ АССР-нан көптеген адамдар өтті. Толық емес әрі

жеткілікті түрде тексерілмеген мәліметтер бойынша өткен адамдардың саны 25–30 мың қожалық», - деп жазған (Сарсенбаев, 2013: 67). Босып келгендердің көпшілігі өте ауыр экономикалық жағдайда болды. 1933 жылға қарай Қырғыз республикасына босып барған 10 мыңнан астам қазақ аштықтан қырылудың алдында тұрды. Қазақтар арасында сүзек тәрізді жұқпалы індет тарады. Аштық пен суықтан күніне бірнеше адам өлді. Ата-аналары балаларын көшелерде қалдырды, кейбір жағдайларда республикалық ұйымдардың алдына тастап кетті. Қырғыз АССР прокурорының СССР әділет халкомы Н.В. Крыленкоға жолдаған жазбасында қазақ босқындары арасында аштық салдарынан адам етін жейтін жағдайдың жиілеп кеткендігі, оның құрбандары негізінен балалар болғандығы айтылды. Қырғыз АССР-нің басшылары өздерінің тұрғындары мен ондаған мың аш қазақ босқындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін 1932 жылғы астық дайындау жоспарын бұзды. Артынша қатаң сөгіс түріндегі ауыр жазалар қолданылды (Сарсенбаев, 2013: 64–65). Қырғыз облыстық партия комитеті және ХКК қазақ босқындарының ауыр жағдайын жеңілдеті үшін бірқатар шараларды жүзеге асыруға тырысты. Республикалық бюджеттен 150 мың рубль ақша бөлінді. Қаржының бір бөлігі бір жарым мың баланы жетімдер үйіне және республикада ұйымдастырылған арнайы қабылдау пункттеріне орналастыруға жұмсалды (Сарсенбаев, 2013: 69).

Өзбекстанға барған босқындардың тағдыры да өзге өлкелерге кеткендерге ұқсас болды. Аштықтан зардап шеккен балалар қоқыстарды ақтарып, базарларды жағалап, асханаларды торуылдап, бір жапырақ нан тауып жеудің қамын жасады. Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының тұрғыны 1916 жылы Алтынбек Төлеков те өзбек еліне кеткендердің бірі еді. 15 жастағы жетім бозбала 1931 жылы Хиуада күнкөріс бар деген соң, соған кеткен. Маусым айында Хиуа тауларында орналасқан әскери бөлімге тап болып, полкке қабылданған. 1934 жылға дейін сонда қызмет еткен. Бөлімнің жазғы лагері Ташкенттен 30 шақырым жердегі Троицк елді мекенінде орналасатын. «Жиі-жиі жорыққа шығып тұратынбыз. Сонда өз көзіммен көрген сұмдықтарым. Керегесі шетінеген қазақтың үйлері, далада өліп жатқан қазақ отбасылары. Ташкент қаласында босып жүргендер – 5–14 жастағы қаракөздер еді. Олар әскерилерден қалған тамақ қалдығына таласатын, төбелесетін. Ас пісірушілер оларды қуып жүретін. Олар ит құсап әр жерге барып шоқиып тұратын да, көп ұзамай қайтып келетін» деген естелігінен аш босқын балалардың қасіретін көруге болады» (32-нің зұлматы, 2014: 135). Архив құжаттары аштық жылдары панасыз балалардың шамадан тыс көбейгендігін дәлелдейді. Қалалар мен ауылдар қамқорсыз қалған жеткіншектерге толды.

Қазақстанның өз ішіндегі аштық кезіндегі балалардың ахуалы мүлде мүшкіл еді. Архив қорларында қорғансыз балалардың ауыр жағдайын дәйектейтін құжаттар жетерлік. Мәселен, Алматы қалалық советке (горсовет) 1933 жылдың 9 қаңтарында жолданған құпия хатта балалар үйлерінің мен босқындарға қызмет көрсететін үйлердегі ахуал ашып жазылған. «Бұрынғы мемлекеттік банктің ғимаратына орналастырылған үйдің антисанитарлық жағдайына қоса от жағылмаған. Аштан әбден әлсіреген, ауру балалар еденде жартылай өлік күйде жатыр. Аш, жалаңаяқ, жататын төсектердің, науқастарға көрсетілетін көмектің жоқтығынан балалардың күніне 5–6-ауы қайтыс болады. Өлген балалардың мәйіттерін шығарудың өзі ұйымдастырылмаған» деген ақпараттан ашаршылық кезіндегі қасірет анық көрінеді (АқМА. 174-қ. 1-т. 21-іс. 13-п.). Архив құжаттары Алматы қаласына 1932 жылдың желтоқсан айынан бастап босқындардың қарқынды түрде келе бастағанын растайды. Алматы облыстық атқару комитеті мен қалалық советке құпия жолданған 1932 жылы 15 желтоқсанда хатта қаланың басты вокзалында босқындардың, қорғансыз балалардың көбейіп кеткендігіне алаңдаушылық білдірген (АқМА. 174-қ. 1-т. 21-іс. 20-п.). Панасыз балалар саны жыл сайын өскен. Партияның статистикасына сәйкес 1932 жылға қарай республикада 20 700 қараусыз қалған бала болса, ал 1933 жылдың басында бұл сан үш есе, яғни 71 000 балаға дейін өскен. Шенектіктердің көбі бұл сандардың шынайы деректерден әлдеқайда төмендетіп көрсетілгенін мойындайды (Камерон, 2018: 179).

Алматы қаласы мен темір жол станциясын қорғансыз балалардан босату үшін қалалық советтің президиумы екі күннің ішінде шара қолдау мақсатында арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда аз уақыттың ішінде тұруға жарамды барак салу ісі Шалдыбин жолдасқа міндеттелді.

Қорғансыз босқын балаларды санитарлық тазалықтан өткізуге қажеттілерді дайындау, тамақтандыру мен медициналық көмек көрсету, базарлар мен вокзалдардан қорғансыз бааларды жинау тапсырылды. Угрямовке 2 және 3 ақпанда жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылып жатқан жетім балалар үйлерін іш киімдермен, төсектермен, киізбен қамтамасыз ету жүктелген. Қаскелеңге Китманов пен Сулимовты 200 баланы орналастыратын ғимарат іздеу үшін жіберу көзделген (АқМА. 174-қ. 1-т. 21-іс. 22-п.). Алайда босқын балалардың легі тежелмеген, керісінше 1933 жылдың басында көбейіп кеткен. Бұл жайында Алматы қалалық советінің орынбасары Жанзаковтың облыстық атқару комитеті және ВКП (б) Өлкелік комитетінің комиссиясы, Халық комиссарлар кеңесіне 1933 жылдың 13 мамырында жазылған баянхатта айтылған (АқМА. 174-қ. 1-т. 27-іс. 31-п.). Қаланың көшелерінде, базарларда, асханалардың жанында, өзге де қоғамдық орындарда маусым айында қайыр тілеген, қалжыраған, баспана таба алмаған, бір үзім нанға зәру, өліп қалған аш адамдардың, балалардың тобы пайда болған (АқМА. 174-қ. 1-т. 35-іс. 20-п.). Көшелерден 670 бала алынып, жетімдер үйлері мен қабылдау пункттеріне өткізілген (АқМА. 174-қ. 1-т. 73-іс. 6-п.).

Аштан жан сақтау үшін қалаға келгендердің барлығының бірдей жағдайы жақсарып кетпегені хақ. Алматы қалалық партия комитеті мен советінің шұғыл жүргізген шараларына қарамастан босқын балалардың біразы көз жұмды, бірқатар жетімдер үйлерінде өлместің күйін кешті. Мәселен, Алматы қаласы Красноармейск көшесі, 7-ші үйде орналасқан жетім балалар үйіндегілер гигиеналық емес жағдайда тұрған. Дизентерия ауруымен науқастанған аз болмаған. Балаларға берілетін ас мәзіріне назар аударылмаған. Оларға таңғы асқа сүт татқан шаймен бірге 200, түскі асқа көжеге қоса 100, кешкісін сүтсіз шай және 150 грамм нан берілген. Көбінесе қара нан берілген. Жатын бөлмелер суық, төсек-орын, жапқы, іш киім, киім жетіспеген (АқМА. 174-қ. 1-т. 73-іс. 14-п.). Балалар үйлеріндегі балдырғандардың ауыр жағдайын, тамақтың, киімнің, аяқ киімнің, дұрыс күтімнің жоқтығын Алматы облысы Шу аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы да мәлімдеген (АОМА. 685-қ. 1-т. 13-іс. 31-п.) 1932 жылдың 20 тамызында Алматы облыстық балалар комиссиясының баяндау хатында көрсетілгендей, облыста 4614 баланы, барлық қорғансыз балалардың 70 %-н ғана қамтыған 37 балалар мекемелері жұмыс істеген. Жетімдер үйлері панасыз балаларға лық ылоғандықтан оларды қабылдамады. Мәселен, Павлодарға жер аударылған бесеудің жазғандары бойынша қалалық жетімдер үйі толып кеткендіктен, олар жаңа балаларды қабылдаудан бас тартты. Қалада күн сайын аштықтан ісініп кеткен, тоңған, әлсіреген әртүрлі жастағы тастанды балаларды көруге болады. Олардың беретін әдетті жауаптары: «Әкем қайтыс болған, анам да қайтыс болды, үйім жоқ, нан жоқ» (Камерон, 2018: 179). Қорғансыздардың бәрін қамту үшін мол қаржы қажет болған. Зұлмат жылдары панасыз балаларға тұруға жарамды баспана деген аты бар күркешелер асығыс салынған. Нашар болса да олар балалардың қарайтын адамдары бар тұрғын бұрышына айналған. (АОМА. 685-қ. 1-т. 21-іс. 5-п.).

Аштық жылдарында қаладағы жағдайға қарағанда ауылдың ахуалы ауыр еді. Аштықты ауылда бастан кешірген балалардың тағдыры аянышты еді. Егер қалалардағы жетімдер үйлерінде балаларға аз да болса нан мен тамақ берілсе, ауылды жерлердегі кейбір үйлерде талғажау етерлік ештеңе болмаған. Соның салдары балалардың жаппай өліміне әкелген. Мәселен, ашаршылық жылдары қазіргі Жетісу облысы Ақсу ауданы Сағабиен аулында мектеп және интернат болған. Бастауыш сыныптың мұғалімі Нұрмұхамед Тұрғанбаевтың айтуы бойынша интернаттағы асыраушысы жоқ, жетім балаларға қара бидайды қуырып, талқан жасап берген. Сағабиеннің айналасында кішігірім ауылдар өте көп болған көрінеді. Ол ат арбамен сол ауылдарды күніне бір рет аралап келеді екен. Жолдың бойында бүрісіп отырған, шидің түбінде өліп қалған балаларды тауып алатын болған. Қайтыс болған балаларды интернаттың жанына әкеліп көмген. Тірі қалғандарына аз-аздап тамақ беріп, әлдендіріп алған. Аш балалар тамақ пісіруші әйелдің артынан қалмай, етегінен тартып, тамақ сұраған. Етегінен тарта бергеннен соң тағы да тамақ беріп отырған. Кейбір балалар жеген тамақтарын көтере алмай өліп қалған. Сондықтан бірнеше күн бойы аш қалған балаларға асқазанын асқа үйретіп алғанша асты ақырындап, қасықтап қана беретін. Қазір сол бір шұқырда 97 баланың өлігі жатыр. Мұндай естелікті Сағабиен ауылының

тұрғыны, тарих пәнінің мұғалімі, бүгінде зейнеткер – Күләш Баяхметқызының аузынан жазып алдық.

Ауылдық жерлердегі балалар үйіндегі жағдай бірдей ауыр болмаған. Балаларды аман алып қалу үшін тәрбиешілер мен мұғалімдер қолдарынан келгенін жасаған. III. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық куәгерлері мен олардың ұрпақтарынан естелік жинақтау және басып шығару» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасы аясында Талдықорған қаласының тұрғыны, «Жетісу» газетінің тілшісі Гүлжан Тұрсынмен әңгімелескенде өз кезегінде Ұлы Отан соғысының ардагері, кейуана Алтынай Есболатовадан (1921 жылы туған, «Паровоз апа» атанған батыр ана) алған естелігімен бөлісті. Алтынай апа тарихтан белгілі Қарағаштағы Маман мектебінде оқыған. 1924 жылы мектептің өртенбей қалған жерлерін қайта қаланып, мектеп-интернатқа айналдырылған. Мәкей Еркінбеков, Төтенев деген азаматтар директор болған. Қапалдағы жетіжылдық Уахибия мектебін тәмамдаған, Қапалда, Сағабиенде мұғалімдік қызмет атқарған Мәкей Еркінбеков 1929–1932 жылдары Қарағаш мектебінде меңгеруші болған. Аштық етек жайған тұста қысқа уақыт Ақсу аудандық білім беру бөлімінің бастығы қызметін атқарған. 1933 жылы қайтадан Қарағаштағы мектептегі меңгеруші қызметіне оралған. ҚР ПА-інің қорында Мәкейдің еңбек жолын растайтын құжатқа қоса 1939 жылы өз қолымен жазған өмірбаяны сақтаулы. Мәкейдің әйелі Сара тәрбиеші еді. Маман – Тұрысбектердің 12 бөлмелі үйінде оқыған. Аштық кезінде атала, қаракөже қайнатып беретін. Балалар үйінің тәлімгерлерін жазда Баласаз жайлауына апаратын. 1932 жылы балаларды Қарағаштан Тақыртұмаға жаяу апарды. Жайлауға қырық адамнан 18-і ғана жеткен. Олар жүре алмай жолда қалған. Сол жылы қараша, желтоқсанда аштық қатты қысқан. Бірақ, мұғалімдер балаларды аш қалдырмаған. Қатты ашыққанда балалар «қаракеней» деген шөптің тамырын, «жаужұмырды», тау пиязын жеген.

Қырғыз жеріне барған босқындардың өз балаларын жегені жөніндегі жантүршігерлік фактілер Қазақстанда да орын алды. Жетісу облысының тұрғындарынан сұхбат алу барысында балалардың аштардың құрбандарына айналғаны туралы жиі естідік. Мәселен, Ескелді ауданы Қапал ауылының тұрғыны Әлмұхамед Шаяхметұлы Елесбаев Көбей есімді әжесінен естіген келесідей әңгімесін айтып берді. Әжесінің құрдасы Нұрбижамал Жұмабаева деген үлкен кісі Қапалда тұрған. Сол кісінің айтуынша, ашаршылық жылдары ауылда түтін шығып жатқан үйлер аз болыпты. Бірде ол сондай үйді байқап, «тамақ пісіріп жатқан шығар, барсам маған да бірдеңе берер» деген оймен бармақшы болдым. Барсам, үйдің ортасында үлкен қазан қайнап жатыр, беті де ашық. Қазанда қайнап жатқан баланың сирағын көріп қалып, шошып кеттім. Үй иесі: «Отыр, отыр, тамақ жеп бірақ қайтпайсың ба? деп маған жақындай бергенде қорқып кеттім. Баланы сойып, етін асып жегелі отырған адам мені де ұстап алса, құртады ғой», - деп төбе шашым тік тұрып, алды-артыма қарамай тұра қаштым».

Осыған ұқсас оқиғаны Жетісу облысы Ақсу ауданы Сағабиен ауылының тұрғыны, ақсақалдар алқасының төрағасы Қанатбек Дәуітбекұлы әкесі Әуелбектің айтуы бойынша еске түсірді. «1931 жылы жоқшылық басталды. Сол жылдың қысы керемет қатты болды. сарышұнақ аяз бет қаратпады. Аштыққа қытымыр қыс қосылды. Содан халық жаппай қырылды. Біз Егінсуда тұрдық, Сағабиенде бір бауырым мекендеді. Анам екеуміз бауырының қалын білмек болып Сағабиенге келдік. Үйдің бір бұрышына ши ұстап қойыпты, оның жанында қазандық тұр. Қазанның астында от жанып жатты. Анам буырымның қалын сұрағаннан кейін менің қолымнан ұстап, жүр кеттік деді. Екеуміз кетіп қалдық». Сөйтсе сол үйдің қызы бар еді, соны асып жеп отыр екен. Дәл сол сәтте қазанда қайнап жатқан еттің адам еті екенін иісінен білген. Бірақ бауырымның қызы екенін кейіннен білген».

Осындай оқиғалардың аштық жылдары белең алғандығы шындық. Ашыққан адамдардың психологиясы өте қатты өзгерген. Талғажау етуге ештеңе жоқ болып, әбден өлуге айналғанда ұлым тірі қалсын деген оймен алдымен қыз баланы жеген. Мәселен, Жетісу облысы Ақсу ауданы Еңбек ауылының тұрғыны, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, ҚР-на еңбек сіңірген қайраткері, Жазушылар одағының мүшесі Бекболат Қапалұлы Атамбаев ашаршылық кезінде «Тереңөзек» ауылында анасының туған нағашысы

тұрғанғандығы, соның он екі жасар қызын Шұбартаудан келген аш адамдар жеп қойғандығын айтты. Ауылдан сәл алыстап, жидек теруге шыққан қызды аш босқындар бас алып жеген. Нағашысы бес-алты адамды жанына ертіп, алыстан айғайлап, «қызымның қалған жері болса, беріндерші!» деп сұрағанда екі алақаны мен екі табанын лақтырып жіберген. Босып келе жатқанда қажыған аштар алқа-қотан отырып бір-біріне «сенің балаң бітті, енді ол адам болмайды, одан да оны жейік» деп ақылдасып, келісімге келген (Жүсіп, 2015: 50).

Аштықта жергілікті үкімет өлім-жітім көп болғандықтан ұсақ балаларды балалар үйіне жинаған. Әлмұхамед Шаяхметұлының әжесінің үлкен қызы Қатипа көп балалы ана болған. Ашаршылықта соларды асырай алмағандықтан, әрі аш адамдарға жемтік болып кетеді деген үйреймен екі баласын Сарқандағы балалар үйіне өткізген. Халық аштықтан ес жиып, бар-жоғын түгендей бастаған тұста балалар үйіне өткізілген ұрпағын іздеп, мекен-жайын білуге жағдайлары келмеген. Отбасында хат танитын адам болмаған. Ұлы Отан соғысына Әлмұхамедтің әкесі және оның екі інісі аттанып, оралмай, хабарсыз кеткен. Осылайша әжесі балалар үйіне өткізілген немерелерінің тірі не өлісін біле алмай өмірден өткен.

Аштықтан жаппай қырылып жатқан қазақ ауылдарына шығып, ең болмаса, халықтың болашағын – тірі қалған балаларын аман алып қалу үшін қыстауларды аралап жүріп, шанаға тиеп, панасыздар үйліне тасып, орналастыруға арнайы комсомол жасақтары аттанған. Ақтөбе өңірінде сондай жасаққа мүше болған екі жас жігіт ауылдардағы есіктері ашылмаған үйлерден бірде шала-жансар балаларды, келесіде өліп қалғандарын тапқан. Олардың көздерімен көргендері сұмдық жағдай еді. «... Бір қыстаудың есігін қар басып қалғанын көріп, біреуі күртікті күрекпен аршып ішке кірді. Ортасынан нар пешпен бөлген кең зілмәңкенің (землянка – жер үй) әр бұрышында, қазандықтың алдында, естиярлау бірнешеуі есіктің алдында аштан өліп жатқан балаларды көреді: бәрі де қылқан кескендей, санағанда он бір болып шығады. Есік қарға кептеліп тұрғандықтан он бір баланың бірде біреуі сыртқа шыға алмай, аштан бұралып, жатқан жерінде жан тапсырған. Ертерек өліп қалған бұлардың әкесі мен шешесінің сүйегі сол жерден табылған» (Жүсіп, 2015: 131).

Сарыөзек ауылының тұрғыны, Кербұлақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бөкен Қалиұлы Ырысбек Қызылжарда 31 мамыр қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күнінде үлкен адамдар әңгімелесіп отырғанда бір әжейдің жеңгесінің басынан кешірген жайтты естіген. Сол сұмдық оқиғаны Бөкен Қалиұлы біге баяндап берді. «Жеңгесі төркіндеп бара жатқанда күн батып кетеді. Қараңғыға ұрынады. Сол кезде арттарынан үш қасқыр ілеседі. Қасқырлардан құтылу үшін қашады. Біраздан кейін қашуға да шамалары келмейді. Ауылға бір шақырымдай ғана жер қалады. Сол кезде қызын қасқырларға тастап, ұлын алып қашқан. Ауылға бара салып, болған жайтты айтады. Тұрғындарды жинап, қайтып келсе, қызын қалдырған жерде ештеңе жоқ».

Қазақстандағы ашаршылық жылдарындағы қорғансыз балалар қатарының көбеюіне Б БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин назар аударған. 1932 жылдың қыркүйек айында СССР Орталық балалар комиссиясына баяндау хат жазып, республикадағы қорғансыз балалардың статистикасын көрсетті. Хатшының берген мәліметінше, 1932 жылдың 1 қыркүйегінде 43 446 панасыз бала болды. Оның 30 630-ы Ағарту халық комиссариатына қарасты балалар үйлерінде, балалар коммуналарында болса, 1 286-сы нәрестелер үйінде, 2 174-і патронатпен, 497-сі фабрика-зауыт бастауыш мектептерімен (ФЗУ), 1 245-сі кәсіпорындармен қамтылып, 7 712-сі көшеде жүрген. Қаңғырған баланың саны 40 000-нан асып кеткен. Қалыптасқан ахуалға алаңдаушылық сыңай білдірмек болған «кужақ» жылдың соңына қарай панасыз балалардың саны 50 000-ға жетеді, Қазақстандағы балалар мекемелері осыншама балаларды қабылдауға шамасының жоқтығын алдыға тартып, Орталықтан 16 174 200 рубль қаржы сұрады (Сүгірәлімова, 2006: 73–74). Шын мәнінде бұл түкке тұрғысыз қаражат еді, өйткені мыңдаған қорғансыз балаларды қамтамасыз ету үшін бұдан бірнеше есе көп қаржы қажет болатын. Мұның өзі Ф.И. Голощекиннің қорғансыз балалар мәселесін шешуде құлықсыз болғандығын аңғартады.

Қазақстанда қорғансыз және қараусыз балалармен күрестің нашар жүргізіліп отырғандығына байланысты 1933 жылдың 22 сәуірінде СССР Орталық балалар комиссиясының төралқасында Қазақ АССР-ындағы панасыз балалар жағдайы жабық түрде өткен мәжілісте қаралды. Мәжіліс қабылдаған қарарда Қазақ Автономиялық республикасында әлі күнге дейін панасыз балалармен күресте түбегейлі бетбұрыстың жоқтығы, балалар жағдайының өте ауыр екендігі бас айтылды. Қазақстан үкіметінің орталық және жергілікті органдарын, әсіресе халыққа білім беру органдарының осы жұмысқа толық кіріспеді деп сынады (Сүгірәлімова, 2006: 78). Сын және орталық тарапынан көрсетілген кемшілік орынды айтылды. Ақиқатында 1933 жылы өлкеде қорғансыз балалар мәселесі өз шешімін толық таба алмаған еді. Балалар қорғансыздығымен күресте қателіктер мен кемшіліктер шаш етекпен болатын.

Балдырғандардың жаппай өлімі және балалар үйлеріндегі жағдай республикадағы ОГПУ басшыларының назарынан тыс қалмады. 1933 жылдың 21 қарашасындағы өлкедегі қорғансыздықтың жағдайы баяндалған жазбада республиканың үш облысы мен Алматы қаласы бойынша 74 балалар мекемлеріндегі ахуал көрсетілген. Жазбада балалар үйлерінің басшылары мен тәрбиеленушілерінен гөрі мемлекеттік қаржы мен азық-түлікті талан-таражға түсірген адамдардың есімдері аталған. Балалар комиссиялары, жетім балалар үйлерінің басшылары мен қызметкерлері балаларға арналған азық-түлікті: ет, май, күріш, қант, сүт өзара бөлісіп, тұтынған. Шұбартау аудандық комсомол ұйымының хатшысы Мурсалимов балалар комиссиясының 1 700 рубль қаржысын өз пайдасына жаратқан. Балалар мекемелерін азық-түлікпен қамтамасыз ету жолға қойылмаған. Мекемелердің көпшілігінің жеке азық-түлік базасы болмаған. Азық-түлік таситын көліктің болмауынан, әсіресе аудандарда тамақ уақытында жеткізілмеген. Шет, Сарысу, Жаңаарқа аудандарында азық-түлікті жеткізу 10–15 күнге кешіктірілген. Тойып тамақ жемеудің салдарынан көптеген үйлерде балалар жүдеген, түрлі науқастармен ауырған. Азудың салдары өлімге әкелген фактілер тіркелген. Шу ауданында жүдеп-жадап кеткен балалардың күніне 5–6-ауы қайтыс болған. Алматы қаласындағы № 4 балаларға аз ғана нан мен ботқа ғана берген. Тамақ қалай болса, солай немқұрайлы пісірілгендіктен балалар оны жеуден бас тартқан. Балалар ұйымдасып, базарларға барып қайыр сұраған, ұрлық жасаған, тамақ қалдықтарын жеген. Тұрғын бөлмелердің антисанитарлық жағдайы, сабынның жоқтығы, балалардың жуынбауы түрлі аурулардың таралуын туғызған. Телман, Еңбекші қазақ, Ақмола аудандарында монша болмаған, сол себепті балалар арасында қотыр, қышыма тәрізді аурулар кең таралған. Төсек, жапқыштардың болмауынан балалар еденде ұйықтаған. Бір төсекте бірнеше бала жатқан. Тәлімгерлердің 40 % ғана аяқ киіммен, киіммен қамтамасыз етілген. Тезелері мен есіктері жоқ, жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, қысқа дайын емес балалар үйлері Калинин, Сталин, Еңбекші қазақ, Ақмола аудандарында кездескен (ҚРПА. 141-1-т. 4911-іс. 79-п.). Өкінішке орай жетім балалар үйлеріндегі панасыз жеткіншектердің аты-жөндері көрсетілген тізімдер өте сирек кездеседі. Дегенмен бірлі-жарым мәліметтер бар. Мәселен, 1936 жылы Қарасу, қазіргі Еңбек ауылында (қазіргі Жетісу облысы Ақсу ауданы Еңбек ауылы) Сарқан жетім балалар үйінің филиалы ашылады. Мәкей Еркінбеков осы балалар үйіне директор болып тағайындалған. Алапат аштықтың зардабынан жетім қалған 252 баланы ат арбамен жинап, балалар үйіне әкелген. Соларды тәрбиелеп, білім беріп, өсірген. Балаларға арналып үлкен, ұзын үй салдырған. Үйдің ішіне сөрелер жасатқан. Барлық нәрсеге зәру кезде балалар сөрелерде қара киізді астыларына салып, үстілеріне жамылып жатқан. Мәкей балаларға азық дайындау үшін қосалқы шаруашылық ұйымдастырып, ашқан. 150 гектардай жерге бақша өнімдерін, бидай еккен. Мал өсіріп, оны балалардың өзіне бақтырған. Балалардың бойына отансүйгіштік, еңбекқорлық, адалдық, білімпаздық сияқты қасиеттерді сіңірген. Мәкейдің тәрбилеген балалары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1941 жылы осы балалар үйінен өз еркімен 38 тәлімгер соғысқа аттанған. Солардың ішінен екеуі Совет Одағының Батыры атағын алған. Олардың біреуі – Есмұрат Сикымов, екіншісі – 28 панфиловшылардың бірі Нұрсұлтан Есболатов. Мәкейдің өзі 1930 жылдары үкімет тарапынан бірнеше рет мақтау қағаздарымен марапатталған. Мәкей – Жетісуда ұстаз ретінде тұңғыш рет жоғары атақ алған мұғалім. Оған

1945 жылы Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім атағы берілді (Бекболат Атамбаевтың жеке архиві). Айта кетерлік жайт, панасыз жеткіншектерді ата-аналары аштық кезінде өз қолдарымен жетім балалар үйлеріне өткізген оқиғалар да кездеседі. Алайда ел есін жиып, бар-жоғын түгендей бастаған тұста жетімдер үйлеріне келіп, балаларын іздегендер аз болған. Балалардың кейбіреулерінің әке-шешелері аштан өлген, енді біреулерінің іздеуге мүмкіндіктері болмаған.

Дегенмен зұлмат уақытында облыстық балалар комиссиясы босқын балдырғандарға мүмкіндігінше көмек көрсетті. Білім беру басқармалары қысқа мерзімде балалар изоляторларын іске қосты. Балалар үйлеріне ем-шара жүргізу үшін тұрақты дәрігер тіркеліп, бірнеше санитарлар кезекшілікке қойылды (АқМА. 174-қ. 1-т. 21-іс. 13-14-п.). Алайда барлық жерлерде жағдай және балалардың ауыр ахуалын жақсартуға бағытталған шаралар бірдей жағымды болмады. Аштықтан кейін де көшелерде қалған, қылмыс әлеміне кірген қараусыз балалардың саны азаймады. Сол себепті СССР Халық комиссар кеңесі және БК(б)П Орталық комитеті 1935 жылы 31 мамырда И. Сталин және Молотов қол қойған «Балалар қорғансыздығын және қараусыздығын жою туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда мемлекеттің балалар мекемелерін қамтамасыз етуге бөлген қаржысына қарамастан қоғамда қорғансыз балалардың орын алуы жергілікті жерлердегі балалар ұйымдарының, партия, кәсіподақ және комсомол комитеттерінің қорғансыздықты жою саласында жұмысты нашар жүргізуімен түсіндірілді. Көптеген балалар үйлеріндегі шаруашылық және тәрбие жұмыстарына қанағаттанарлықсыз баға берілді. Балалардың бұзақылығы және балалар арасындағы қылмыстың элементтермен күрес ұйымдастырмағандығы атап көрсетілді. Көшелерде қалған балаларды балалар мекемелеріне орналастыру немесе ата-аналарына қайтаруға шара қолданылмағандығы қадап айтылды. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып балалар мекемелерінің төрт түрі анықталды. Біріншісі одақтық республикалардың халкомдарына қарасты өмір сүру көзінен айырылған және тәрбиесі қиын балаларға арналған үйлер болып белгіленді. Екіншісі – ұзақ уақыт бойы емделуді қажет ететіндерге арналған арнайы балалар үйлері. Үшіншісі – одақтық республикалардың әлеуметтік қамтамасыз ету халкомдарына қарасты мүгедек балаларға арналған үйлер. Төртіншісі ішкі істер халкомына қарасты изоляторлар, еңбек колоноиялары және қабылдау-тарату орындары ретінде анықталды. Қабылдау-тарату орындарында балалардың бір айдан артық уақыт болмауы тиістігі, оларда қатаң тәртіптің орнатылуы қажеттілігі баса айтылды. Қаулыда балалар мекемелеріндегі тәлімгерлердің құрамын анықтап, олардан 14 жастан жоғары ересек балаларды босату, оларды фабрика-зауыттардың жанындағы мектептерге, колхоздарға, өндірістік бригадаларға жұмысқа жіберу және орналастыру, баспанамен қамтамасыз етуіне ерекше назар аударылды. Облыстық, қалалық, аудандық советтердің жанынан балалардың қорғансыздығы және қараусыздығымен күрес бойынша секциялар құру міндеттелді (АқМА. 174-қ. 1-т. 39-іс. 1а-3б-п.).

Қазақ өлкелік партия комитеті және советтер балалардың қорғансыздығы мен қараусыздығын жою жұмысын реттеуде Семей және Шымкент қалаларында арнайы пункттер құрды. Ерекше қиын балалар үшін жабық мекемелерде 50 орын бөлінді. Талғардағы балалар үйі әскери күзеті бар жабық мекемеге айналдырылды. Балаларға темекі, шемішке сатуға тиым салынды. 200 жасөспірімдерді техникумдарға, жұмысшы фвкультеттеріне, фабрика-зауыт бастауыш мектептеріне түсу үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Балалар үйлеріне ең таңдаулы педагогтар тәрбиешілер ретінде қызметке қабылданды (АқМА. 174-қ. 1-т. 39-іс. 6-7-п.). Дегенмен жағдай бірден жақсарып кете қоймады. Әлі болса балалар үйлеріне орналастырылмаған, орналастырса да олардан қашып кеткен балалардың саны азаймады. Мәселен, Алматы қаласы білім беру басқармасының есебі бойынша қаланың вокзалдарында, асханалары мен базарларында, сыра ішетін орындарда, бактарда 1 500 қорғансыз бала болды. Солардың арасында ұрлықпен, ішімдік ішумен, бұзықтық жасаумен айналысатындары және аяқ киім тазалаушы, әңгіме айтушы, ән салушы сияқты «жұмыс» арқылы табыс табатындары да кездесті. Жалғыз, топпен қылмыс әлемімен байланыс орнатқан және өздері де қылмыс жасайтындары бар. Балалар үйлерінде жасы 18-ден асқандарының арасында әлсіз тәрбие

жұмыстарын және арнайы еңбек базасының жоқтығын пайдаланып балалардың ортасында іріткі салу арқылы кері ықпал етіп, тәрбиешілер құрамын қорқытып, өздері қожайын болып алған фактілер де орын алды (АқМА. 174-қ. 1-т. 39-іс. 8-п.).

Осындай келеңсіз ахуалдың орын алуына байланысты республикада құрылған облыстық, қалалық, аудандық советтердің жанынан балалардың қорғансыздығы және қараусыздығымен күрес бойынша секциялардың жұмыстары қатаң қадағаланды. Секциялардың атқарған жұмыстарының есептері тыңдалды. Секциялар тексеру жұмыстарын жүргізіп, балалар үйлерінің қызметін жақсартуға көмек көрсетті. Тексеру материалдарының негізінде сәйкесінше шаралар қолданылды. Мәселен, Алматы қаласындағы балалар үйлерін тексеру нәтижесінде № 10 мекеменің жұмыскерлері жауапкершілікке тартылды. Екі жатақхананы тексеруден кейін балдырғандар балалар үйлеріне орналастырылды (АқМА. 174-қ. 1-т. 39-іс. 11-п.). Дегенмен қорғансыз және қараусыз балалар мәселелерін шешуде секциялар тәжірибесінің, білімді, білікті мамандардың жетіспеушілігі мен құрамының аздығы салдарынан үнемі құзыретті бола алмады. Секциялар өздерінің жұмысына білім беру, денсаулық, тәртіп сақтау бөлімдерін, баспасөзді, кітапханалар мен мәдениет ошақтарын жұмылдыруға тырысты. 1930-жылдардың екінші жартысында қоғамда қорғансыз балаларға көмек көрсету (шефство) кең тарады.

Қорытынды

Осылайша ашаршылық жылдары және одан кейінгі жылдары балалардың өте ауыр жағдайын Қазақстандағы советтік билік орталықтың араласуымен негізінен оңалта алды. Қорғансыз балалардың бір бөлігі аштықтың, түрлі жұқпалы дерттің, канибализмнің құрбандарына айналғанымен бір бөлігі мемлекеттің қамқорлығының арқасында аман қалды. Өкінішке орай аштықтан көз жұмған балалардың санын анықтау әлі де болса мүмкін болмай отыр. Сталинизмнің «қызыл табан шұбырындысы» мен тепкісіне түскен жеткіншектердің қасіретін жоюға мемлекеттік мекемелер, соның ішінде жетімдер, сәбилер үйлері, қабылдау пункттері айтарлықтай үлес қосты. Совет Одағында Ұлы Отан соғысының алдындағы уақытта қорғансыз балалар деп аталған әлеуметтік келеңсіздік жойылды деген тұжырым жасалды. Алайда мұндай әлеуметтік құбылыс түбегейлі жойылып кетті деу қисынсыз еді. Балалар мекемелерінің әлі де болса шешілуге тиіс түйткілдері болды. Дегенмен өлкелік партия және атқару комитеті, Ағарту халық комиссариаты қорғансыз балалардың жағдайын жақсартуға ұмтылды. Осы бағытта қазақ өлкелік балалар комиссиясы қыруар жұмыс атқарды. Қорғансыздар тек балалар үйлеріне орналастырылып қана қоймай, олардың материалдық жағдайын жақсарту бағытында іс шаралар жүзеге асырылды. 16 жастан жоғары ересек жасөспірімдерді кәсіптік-техникалық білім беру арнайы оқу орындарында оқытты. Билік қорғансыз жеткіншектерді қырылып кетуден аман сақтаумен, өзінің қамқорлығына алумен бірге олардың бойына советтік идеология мен тәрбиені сіңірді. Қорғансыз балалардың басым көпшілігі советтер елінің отансүйгіш, еңбекқор азаматтары болып қалыптасты. Олар қоғамның түрлі салаларында адал қызмет етті. Қорғансыз балалардың арасынан Ұлы Отан соғысының батырлары, партия және комсомол қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, еңбек ерлері шықты.

Дереккөздер

АқМА — Алматы қаласы мемлекеттік архиві
 АОМА — Алматы облыстың мемлекеттік архиві
 Бекболат Атамбаевтың жеке архиві
 КРПА — Қазақстан Республикасы Президенті архиві
 РМСӨТА — Ресей мемлекеттік саяси-әлеуметтік тарих архиві

Sources

APRK — Archives of the President of the Republic of Kazakhstan
 ARSA — Almaty Regional State Archive
 Personal archive of Bekyolat Atambayev
 RSASPH — Russian state archive of social and political history
 ASA — Almaty State Archive

Әдебиеттер тізімі

- Алдамжар, 2002 — *Алдамжар З.* Тарих: пайым мен тағлым. Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. 288 б.
- Әбжанов, 2014 — *Әбжанов Х.* Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. 328 б.
- Базанова, 1987 — *Базанова Ф.Н.* Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект. Алма-Ата: Казахстан, 1987. 156 с.
- Бисенова, 1965 — *Бисенова А.Б.* Материнство и детство (Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане). Алма-Ата: «Казахстан», 1965. 208 с.
- Бродель, 1986 — *Бродель Ф.* Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV–XVIII. Т. Структуры повседневности. Возможное и невозможное. М.: Прогресс, 1986. 623 с.
- Дильманов, 2002 — *Дильманов С. Д.* Исправительно-трудовые лагеря НКВД – МВД СССР на территории Казахстана (30–50-е годы XX века): дис. ... д. и. н. Алматы, 2002. 350 с.
- Жүсіп, 2025 — *Жүсіп С.* Ашаршылық ақиқаты. Деректер мен дәйектер. Алматы: «Курсив» ЖСШ баспаханасы, 2015. 415 б.
- Иренов, 2011 — *Иренов Ф.Н., Шәзінда С.М.* Кеңес дәуіріндегі кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлық мәселесі // Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы, 2011. № 3–4. Б. 81–86.
- Камерон, 2028 — *Камерон С.* Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, С. Батаева. Алматы: Print House Gerona, 2018. 304 б.
- Кемелжанова, 2020 — *Кемелжанова Г.К.* Становление и развитие детских домов в 1920–40-е годы в Казахстане // Молодой ученый. 2020. № 23(313). С. 616–620. // URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> (дата обращения: 30.05.2023).
- Конквест, 1988 — *Конквест Р.* Жатва скорби (Совесткая коллективизация и террор голодом) [Robert Conquest. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine]. London, 1988. 620 p.
- Кызаева, 1990 — *Кызаева Д., Жалиева Ж.* Советская власть и дети // Вестник времени – Заман жарчысы, 1990. № 11. С. 16–18.
- Қазақ халқының қасіреті, 2010 — *Қазақ халқының қасіреті.* XX ғасырдың 20-шы, 30-шы жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық. Құжаттар мен материал. жинағы. Жауапты құраст. М.К. Тахаева. Алматы, 2010. 414 б.
- Малышева, 1999 — *Малышева М.П., Познанский В.С.* Казахи-беженцы от голода в Западный Сибири (1931–1934 г.г.). Алматы: «Ғылым», 1999. 535 с.
- Мананникова, 1930 — *Мананникова Н.В.* Охрана материнства и младенчества в Казахстане // Журнал по изучению раннего детского возраста, 1930. № 10. С. 172–179.
- Потепалов, 2015 — *Потепалов Д.В., Чернышков В.В.* Дискуссионные вопросы истории детской беспризорности в России в 1920–1930-е гг. <http://izvestia.vspu.ru>. 2015.
- Саипова, 2021 — *Саипова К.* История национальных меньшинств Узбекистана (1917–1990 гг.). Ташкент: Turon-Iqbol, 2021. 277 с.
- Сактаганова, 2012 — *Сактаганова З.Г.* Экономическая модернизация Казахстана. 1946–1970 гг. Караганда, «Гласир», 2012. 10 с.
- Сактаганова, 2017 — *Сактаганова З.Г., Карсакова Г.Б.* Влияние голода на рост числа беспризорных детей в Акмолинской губернии в 1920-е гг. // Вестник КазНУ. Серия историческая, 2017. № 3(86). С. 4–10.
- Сарсенбаев, 2013 — *Сарсенбаев Б.С.* Кыргыско-казахские взаимоотношения в составе СССР (20–30-е гг. XX в.). Бишкек: КРСУ, 2013. 144 с.
- Сүгірәлімова, 2006 — *Сүгірәлімова Г.Б.* Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар): Т.ғ.к. ... дисс. Екібастұз, 2006. 147 б.
- 32-нің зұлматы, 2014 — *32-нің зұлматы* (Профессор Қ.М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері). Құраст.: Т.Ә. Төлебаев, Г.Е. Сәбденова. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. 308 б.
- Каşıқçı, 2020 — *Каşıқçı М. V.* Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. Arizona State University, 2020. 398 p.

References

- Abzhanov, 2014 — *Abzhanov Kh.* Qazaqstan: ulttiq tarix, ideya, metodologiya [Kazakhstan: Kazakhstan history, idea, methodology]. Almaty: “Eltanym baspasy”, 2014. 328 p. (In Kaz.).
- Aldamzhar, 2002 — *Aldamzhar Z.* Tarix: payim men taqlim [History: vision and wisdom]. Almaty: Publishing House “Arys”, 2002. 288 p. (In Kaz.).
- Bazanova, 1987 — *Bazanova F.N.* Formirovanie i razvitie struktury naseleniya Kazahskoj SSR: nacionalnyj aspect [Formation and development of the population structure of the Kazakh SSR: the national aspect]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. 156 p. (In Russ.).
- Bisenova, 1965 — *Bisenova A.B.* Materinstvo i detstvo (Ocherki razvitiya ohrany materinstva i detstva v Kazahstane) [Motherhood and childhood (Essays on the development of maternal and child health in Kazakhstan)]. Alma-Ata, «Kazakhstan», 1965. 208 p. (In Russ.).
- Braudel, 1986 — *Braudel F.* Material civilization, economy and capitalism of the XV–XVIII centuries. N. The structure of everyday life. The impossible and the possible [Material civilization, economy and capitalism XV–XVIII. T. Structures of everyday life. Possible and impossible]. M.: Progress, 1986. 623 p. (In Russ.).
- Dilmanov, 2002 — *Dilmanov S. D.* Ispravitelno-trudovye lagerya NKVD MVD SSSR na territorii Kazahstana (30–50-e gody HKH veka) [Forced labor camps of the NKVD and the Ministry of Internal Affairs of the USSR in Kazakhstan (30–50s of the twentieth century)]: dis. ... d. i. n. Almaty, 2002. 350 p. (In Russ.).
- Irenov, Shazinda, 2011 — *Irenov G.N., Shazinda S.M.* Kenes dauirindegi kamilettik jaska tolmagan jasospirimder arasyndagy deviantty minez-qylyq maselesi [The problem of deviant behavior among adolescents under the age of majority in the Soviet era] // Pavlodar memlekttik universitetinin Habarshysy. Gumanitarlyq seriyasy, 2011. No. 3–4. Pp. 81–86. (In Kaz.).
- Jusip, 2015 — *Jusip S.* Asharshylyq aqiqaty. Derektter men dajektter [The truth of famine. Data and arguments]. Almaty: «Kursiv» JShS baspahanasy, 2015. 415 p. (In Kaz.).
- Kameron, 2028 — *Kameron S.* Aptyq jailagan dala. Asharshylyq, ozbyrlyq jane kejestik Qazaqstandy ornatu [Hunger swept the steppe. Famine, arbitrariness and the establishment of Soviet Kazakhstan]. Agylsyn tilinen audargan S. Bataeva, S. Bataeva. Almaty: Print House Gerona, 2018. 304 p. (In Kaz.).
- Kasikci, 2020 — *Kasikci M.V.* Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. Arizona State University, 2020. 398 p.
- Kemeljanova, 2020 — *Kemeljanova G.K.* Stanovlenie i razvitie detskih domov v 1920–40-e gody v Kazahstane [The formation and development of orphanages in the 1920s and 40s in Kazakhstan] // Molodoj uchenyj, 2020. No. 23(313). Pp. 616–620. // URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> (data obrashcheniya: 30.05.2023). (In Russ.).
- Kuzaeva, Jalieva, 1990 — *Kuzaeva D., Jalieva Zh.* Sovetskaya vlast i deti [Soviet power and children] // Vestnik vremeni – Zaman jarchysy, 1990. No. 11. Pp. 16–18. (In Russ.).
- Malysheva, Poznanskij, 1999 — *Malysheva M.P., Poznanskij V.S.* Kazahi-bezhency ot goloda v Zapadnoj Sibiri (1931–1934 g.g.) [Kazakh refugees from famine in Western Siberia (1931–1934)]. Almaty: “Gylm”, 1999. 535 p. (In Russ.).
- Manannikova, 1930 — *Manannikova N.V.* Ohrana materinstva i mladenchestva v Kazahstane [Maternal and infant health in Kazakhstan] // Zhurnal po izucheniyu rannego detskogo vozrasta, 1930. No. 10. Pp. 172–179. (In Russ.).
- Potepalov, 2025 — *Potepalov D.V., Chernyshkov V.V.* Diskussionnye voprosy istorii detskoj besprizornosti v Rossii v 1920–1930-e gg. [Controversial issues of the history of child homelessness in Russia in the 1920s and 1930s], 2015. // URL: <http://izvestia.vspu.ru> (In Russ.).
- Qazaq halqynyn asireti, 2010 — *Qazaq halqynyn asireti.* XX gasyrdyn 20-shy, 30-shy jylgaryndagy Qazaqstandagy asharshylyq. Qyjattar men material. Jinagy [The tragedy of the Kazakh people. Famine in Kazakhstan in the 20s and 30s of the XX century. Collection of documents and materials]. Jauapty qyrast. M.K. Tahaeva. Almaty, 2010. 414 p. (In Kaz.).
- Saipova, 2021 — *Saipova K.* Istoriya nacionalnyh menshinstv Uzbekistana (1917–1990 gg.) [The history of national minorities of Uzbekistan (1917–1990)]. Tashkent: Turon-Iqbol, 2021. 277 p. (In Russ.).
- Saktaganova, 2012 — *Saktaganova Z.G.* Economic modernization of Kazakhstan [Economic modernization of Kazakhstan]. 1946–1970. Karaganda: “Glazir”, 2012. 10 p. (In Russ.).
- Saktaganova, Karsakova, 2017 — *Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.* Vliyanie goloda na rost chisla besprizornyh detej v Akmolinskoj gubernii v 1920-e gg. [The impact of famine on the growing number of street children in Akmola province in the 1920s.] // Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya, 2017. No. 3(86). Pp. 4–10. (In Russ.).
- Sarsenbaev, 2013 — *Sarsenbaev B.S.* Kyrgyzsko-kazahskie vzaimootnosheniya v sostave SSSR (20–30-e gg. XX v.) [Kyrgyz-Kazakh relations within the USSR (20–30-ies of the twentieth century)]. Bishkek: KRSU, 2013. 144 p. (In Russ.).
- Sugiralimova, 2006 — *Sugiralimova G.B.* Qazaqstandagy panasyz balalar: maseleni sheshu tarihy, tazhibesi, qorytyndysy (1920–1940 jylgar) [Homeless children in Kazakhstan: history of problem solving, experience, conclusion (1920–1940)]: T. g. k. ... diss. (In Kaz.).
- 32-nin zylmaty, 2014 — *32-nin zylmaty* [The dark of 32] (Professor K.M. Atabaev jetekshilik jasagan tarihi-etnologiyalyq ekspediciya derekteri). Qurast.: T.A. Tolebaev, G.E. Sabdenova. Almaty: Qazaq universiteti, 2014. 308 p. (In Kaz.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А. ШҮРШТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА.....	327
Ноғайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	343

ТАРИХ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ.....	367
Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	382
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А. 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР».....	399
Белялова А., Қаипбаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.).....	415
Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ.....	427
Жолсеитова М.А. ОТАРЛЫҚ БІЛІК КОНТЕКСТІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫНҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ.....	442
Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	471
Мәлікова С.З., Абуов Н.А. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ.....	488
Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т. ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҰЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ.....	501
Мұхатова О.Х. АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ.....	516
Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932).....	531
Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII ғ.).....	543
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А. АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х. ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ).....	603

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А. БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ...	343

ИСТОРИЯ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА.....	367
Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А. АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	382
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А. «ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 1950-Е ГОДЫ.....	399
Беялова А., Каипбаева А.Т. ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.).....	415
Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С. МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	427
Жолсеитова М.А. МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	442
Каипбаева А.Т., Абиkey А.М. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА 1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.).....	471
Маликова С.З., Абуов Н.А. ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	488
Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т. ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ.....	501
Мухатова О.Х. ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА.....	516
Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932).....	531
Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н. РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.).....	543
Хайдаров Е.Е. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нурлановна Г., Бекназаров Р.А. АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946): ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х. КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	603

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A. THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE.....	327
Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY.....	343

HISTORY

Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T. THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries).....	356
Azirbekova A.J., Abisheva J.R. GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH.....	367
Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H. ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS.....	382
Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A. “IDEOLOGICAL MISTAKES” IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S.....	399
Belyalova A., Kaipbayeva A.T. THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933).....	415
Duisembayeva N.B., Zhumatay S. THE PLACE OF THE “MAMANIYA” SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY.....	427
Zholseitova M. MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE.....	442
Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN.....	456
Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A. FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR.....	471
Malikova S.Z., Abuov N.A. HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	488
Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T. PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS ABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATION OF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES.....	501
Mukhatova O.Kh. THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE.....	516
Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A. SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932).....	531
Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY).....	543
Khaidarov E.E. COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932).....	559
Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M. RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION.....	575

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Nurlanovna G., Beknazarov R.A. AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY.....	589
Khabibullin E., Asylguzhin A., Ryskildin A. KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING TO GENETIC RESEARCH DATA.....	603

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй